

*Е.И. Стамшалов *¹*

¹ *Ш. Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының PhD-докторанты, Қазақстан, Алматы, e-mail: kun2013@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>*

БОСҚЫНДАРДЫ ШЫҢЖАҢНАН ҚАЙТАРУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ: СЕБЕПТЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ (1920-1923 жж.)

Аңдатпа

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі ұлт-азаттық көтеріліс пен Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдардағы саяси қысымнан бас сауғалап Батыс Қытайдың Шыңжаң провинциясына өткен қазақ-қырғыз босқындар тағдыры жеткілікті зерттелмеген. Өңірлердегі әртүрлі саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстан құтылудың шарасы ретінде шекара асудың тарихи тәжірибесі бұрыннан қалыптасқанымен, XX ғасырдың басындағы Жетісудағы ауыр жағдай босқыншылықтың бұрын-соңды болмаған деңгейдегі толқынын туғызды. Батыс Қытайға бет алған босқындар қатарын Қазақстанның оңтүстік-шығысының дүнген, тараншы, қазақ, қырғыз, орыс-казак тұрғындарымен солтүстік Жетісу майданында жеңіліс тапқан қарулы ақгвардияшылар топтары да толықтырды. Шыңжаң билігі ақгвардияшыл жасақтардың қаруын қабылдап алып, белгілі деңгейде азық-түлік көмегін бергенімен, өңірдегі босқындар проблемасы шешімі күрделі мәселеге айналды. Жетісу босқындарын Шыңжаңнан қайтару жөніндегі Түркістан АССР партия және атқару органдарының ұстанымы, арнайы комиссия қызметі түрінде іске асты. Босқындар жөніндегі кіші комиссия бөлімдері Құлжа, Шәуешек аудандарында да құрылды. РСФСР сыртқы байланыстар халкомы «Іле хаттамасы» түріндегі дипломатиялық актілер арқылы бейбіт және рақымшылық жасалған әскери босқындарды қайтару жұмыстарына араласты. Ұсынылып отырған мақалада босқындардың Шыңжаңдағы жағдайы, босқындар жөніндегі кіші комиссиялар, НКВД өкілдерінің Батыс Қытайдағы қызметі, Синьцзян билігінің босқындарға көзқарасы, құлдыққа сатылған босқындарды қайтару мәселе-лері отандық және шетелдік тың архив материалдары, жарияланған құжаттар жинақтары және естеліктер негізінде зерттелген. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында гуманитарлық сала мамандарын дайындау үдерісінде XX ғасырдың бірінші ширегіндегі әлеуметтік тарих және миграция мәселелері бойынша қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Кілт сөздер: қазақ-қырғыз босқындар, ақгвардияшыл босқындар, босқындар реэвакуациясы, Шыңжаң шекара әскері, босқындарды орналастыру.

*Стамшалов Е.И.*¹*

¹ *PhD-докторант Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы.
e-mail: kun2013@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0003-4663-6349>*

ВОЗВРАЩЕНИЕ И УСТРОЙСТВО БЕЖЕНЦЕВ ИЗ СИНЬЦЗЯНА: ПРИЧИНЫ И ИТОГИ (1920-1923 гг.)

Аннотация

Судьба казахско-киргизских беженцев, бежавших от политического давления в первой четверти XX века и первых годах установления советской власти в провинцию Синьцзян Западного Китая, недостаточно изучена. Хотя исторический опыт пересечения границы как меры спасения от различных политических, социально-экономических кризисов в регионах давно устоялся, тяжелая ситуация в Жетысу в начале XX века вызвала беспрецедентную волну эмиграции. К рядам беженцев, направлявшихся в Западный Китай, пополнились группы вооруженных белогвардейцев, потерпевших поражение на северном Жетысуском фронте, а также дунгане, таранчинцы, казахи, кыргызы, казаки-жители юго-восточного Казахстана. Хотя власти Синьцзяна забрав оружие белогвардейских ополченцев и предоставили им продовольственной помощи, решение проблемы беженцев в регионе стало серьезной проблемой. Позиция партийных и исполнительных органов Туркестанской АССР по возвращению

жетысуских беженцев из Синьцзяна была реализована в виде особой комиссии по беженцам. Подразделение особой комиссии по делам беженцев также созданы в Кульджинской, Чигичакской районах Синьцзянской провинции. Народный коимиссариат инсотранных дел РСФСР вмешался в процесс возвращение мирных и амнистированных военных- беженцев посредством дипломатических актов в форме «Илийского протокола» от 27 марта 1921 года. В представленной статье рассматривается положение беженцев в Синьцзяне, деятельность подкомиссии по делам беженцев в Синьцзяне, деятельность представителей НКВД в Западном Китае, отношение властей Синьцзяна к беженцам, возвращение беженцев, проданных в рабство, на основе отечественных и зарубежных архивных материалов, опубликованных сборников документов и воспоминания беженцев. Результаты исследования могут быть использованы в качестве учебного материала по социальной истории и проблемам миграции первой четверти XX века в процессе подготовки специалистов-гуманитариев в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: казахско-киргизские беженцы, беженцы-белогвардейцы, реэвакуация беженцев, Синьцзянские погранвойска, устройство беженцев.

*Y.I. Stamshalov ^{*1}*

¹ *PhD-doctoral student at the Institute of History and Ethnology named after. C.H. Valikhanova, Kazakhstan, Almaty.
e-mail: kun2013@mail.ru*

RETURN AND SETTLEMENT OF REFUGEES FROM XINJIANG: REASONS AND RESULTS (1920-1923)

Abstract

The fate of Kazakh-Kyrgyz refugees who fled from political pressure in the first quarter of the twentieth century and the first years of the establishment of Soviet power in the Xinjiang province of Western China has not been sufficiently studied. Although the historical experience of crossing the border as a measure of salvation from various political, socio-economic crises in the regions has long been established, the difficult situation in Zhetysu at the beginning of the 20th century caused an unprecedented wave of emigration. The ranks of refugees heading to Western China were joined by groups of armed White Guards who were defeated on the northern Zhetysu Front, as well as Dungans, Taranchintsi, Kazakhs, Kyrgyz, and Cossack residents of southeastern Kazakhstan. Although the Xinjiang authorities accepted the weapons of the White Guard militias and provided them with food aid, solving the refugee problem in the region has become a serious problem. The position of the party and executive bodies of the Turkestan Autonomous Soviet Socialist Republic on the return of Zhetysu refugees from Xinjiang was implemented in the form of a special commission on refugees. A unit of the special commission for refugee affairs has also been created in the Kuldzha and Chigichak regions of the Xinjiang province. The People's Commissariat for Foreign Affairs of the RSFSR intervened in the process of returning peaceful and amnestied military refugees through diplomatic acts in the form of the "Ili Protocol" of March 27, 1921. This article examines the situation of refugees in Xinjiang, the activities of the subcommittee on refugees in Xinjiang, the activities of representatives of the NKID in Western China, the attitude of the Xinjiang authorities towards refugees, the return of refugees sold into slavery, based on domestic and foreign archival materials, published collections of documents and memoirs refugees. The results of the study can be used as educational material on social history and migration problems of the first quarter of the twentieth century in the process of training humanities specialists in higher educational institutions.

Keywords: Kazakh-Kyrgyz refugees, White Guard refugees, re-evacuation of refugees, Xinjiang border troops, refugee settlement.

Кіріспе.

XX ғасырдың 1-ширегіндегі Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі ұлт-азаттық көтеріліс және азамат соғысы нәтижесіндегі босқыншылық тарихының жеке қырлары жете зерттелмеген тақырып. Патшалы Ресей тұсында 1916 жылдары және Түркістанда кеңес билігі орныққан 1918 жылдарда қалыптасқан саяси және әлеуметтік ахуалға байланысты босқыншылыққа ұшыраған жергілікті халықты қайтаруға бағытталған кеңестік өкімет орындарының позициясы XX ғасырдың 20-жылдары өзгеріске ұшырап тұрды. Шыңжаңдағы босқындардың әрқилы категорияларын қайтаруға байланысты Қытай билігі де бірыңғай саясат ұстанған жоқ. Бұрынғы Ресей патшалығы дипломатиялық құрылымдарының Қытай билігіне ықпалы бар өкілдері жаңа кеңестік сыртқы байланыстар комиссариаты өкілдерімен

саяси қақтығысқа түсті. Босқындарды Шыңжаңнан қайтару шараларын негізінен РСФСР сыртқы істер халық комиссариаты, ТүркОАК және Жетісу облыстық әскери-революциялық комитеті ұйымдастырды. Босқын-дар проблемасымен айналысқан құрылымдар арасында позиция тұрғысынан өзара қарама-қайшылық орын алды. Түркістан АССР орталық атқару комитеті құрған босқындарды жөніндегі ерекше комиссия бөлімдері Шыңжаң аумағында ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдай салдарынан құлдыққа түскен босқындарды сатып алу, атамекеніне қайтару бағытында жүйелі жұмыстар атқарды. Ұсынылып отырған мақалада отандық тарихнамада жеткілікті деңгейде қарастырылмаған Шыңжаңдағы босқындардың саны, олардың әлеуметтік хал-күйі, қайтару бойынша шаралар кешені, Шыңжаңдағы кіші комиссия басшы-лыққа алған заңдық-нұсқаулық құжаттар талданған. Шыңжаң жергілікті билігінің босқындар проблема-сына көзқарасы, Шыңжаң шекара әскерінің жағдайы жеке қаралған. Зерттеудің деректемелік негізін Қазақстан архивтері, оның ішінде аймақтық архивтер және шетелдік архивтер материалдары, босқындар естеліктері құрайды.

Материалдар мен әдістер.

Қазақстанның оңтүстік-шығысынан Батыс Қытайдың Шыңжаң провинциясына босқыншылықтың тарихы зерттеу нысанын айқындау үшін тарихи деректер мен фактілер гуманитарлық ғылымдар саласында қолданылатын салыстыру, болжау, сараптау әдістерін пайдаланып, зерделенді. Ғылыми зерттеуде естеліктер түріндегі деректер негізінде босқындардың тұлғасын сипаттау үшін әлеуметтік тарих әдістеме-сі құралдары пайдаланылды. Шыңжаңға босқыншылықпен барған адамдар тобының өмірдегі бет-бейне-сін қалыптастыруға көмектесетін дескриптивті әдіс пайдаланылды. Дескриптивті әдіс Қазақстан терри-ториясынан барып, Шыңжаңға орныққан босқындар өмірінің қалыптасу мен негізгі кезеңдерін тереңдете зерттеуге мүмкіндік береді. Зерттеуде, сондай-ақ, американдық тарихшылар (Т. Парсонс) дамытқан құры-лымдық функционализм әдістемесі пайдаланылды. Тарихи үдерісті жеке құрылымдары бар жүйелердің өзара әрекеттесуімен түсіндіретін бұл әдістеме босқындарды біртұтас жүйе ретінде қарастырып, оның Шыңжаңның жергілікті тұрғындары құраған жүйелермен қарым-қатынасын зерттеуге пайдалы. Зерттеу бойынша, жалпылай қарастырғанда ғылыми методологиялық плюрализм жиынтығы пайдаланылды.

Төмендегі мақаланы жазу барысында Шыңжаң аумағына барған Жетісу босқындарын қайтару және атамекендеріне орналастырудағы босқындар жөніндегі комиссияның Құлжа кіші комиссиясы қызметі Түркістан АССР атқарукомитеті ерекше комиссиясының Жаркент және Лепсі бөлімшелерінің құжаттары, Верныйда орналасқан обләскериревком материалдары, босқындар естеліктері, тақырыпқа қатысты жарияланған құжаттар жинақтары пайдаланылды. Атап айтқанда, Жетісу облысы Мемлекеттік архивінің Панфилов филиалының (Жаркент қ.) (ЖОМА ПФ) 265-қоры, Жетісу облысының мемлекеттік архивінің (Талдықорған қ.) (ЖОМА) 751-қоры, Алматы облыстық мемлекеттік архивінің (Қарасай ауданы, Жалпақсай а.) (АОМА) 350 – Жетісу облыстық революциялық комитеті қоры (1918-1921), 1975 – Т.Қауыпбайұлының жеке қорлары деректері пайдаланылды. Шыңжаңдағы ресейлік босқындар тақыры-бына қатысты көлемді дереккөздер Ресей Федерациясы архивтерінде қордаланған. Ұсынылып отырған мақаланы жазу барысында Ресей мемлекеттік әскери архиві (РФ, Москва қ.) (РМӘА) № 110 – Түркістан майданы армияларын басқару қорының (1918-1926), 18233 – ВЧК Қытаймен шекараны қорғау әскерлері қорының (1921-1922), 8443- ВЧК әскері Жетісу облысы Жаркент қаласындағы Түркімен шекара атты әскер полкі қорының (1919-1922) құжаттары пайдаланылды. Ал Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архивінен (РФ, Москва қ.) (РӨСТМА) 17 – ВКП (б) орталық комитеті, 61- РКП (б) Түркістан бюросы (Түркбюро) (1920-1922) қорлары деректері пайдаланылды. Шыңжаңдағы ахуал туралы сол кездің өзінде жарияланған Камскийдің естелігі босқындар өмірінің тұрмыс-тіршілік жөнінде дерек береді [1].

Талқылау. Шыңжаңдағы бұрынғы Ресей империясы босқындары тақырыбындағы жүйелі зерттеу кеңестік тарих ғылымына қарағанда батыс тарихнамасында ерте қолға алынды. Американдық ғалымдар Л.У. Холбори Дж. Т. Шувал Нью-Йоркте басылып шыққан халықаралық әлеуметтік энциклопедияда босқын терминіне «саясаттың, соғыстың немесе табиғи апаттың салдарынан пайда болған еріксіз мигрант» деген халықаралық түсініктеме берген [2]. «Қырғи қабақ соғыс» жағдайында социалистік лагерь елі саналатын Румынияда Кзгелди Каролидің кеңестік босқындарға қатысты зерттеуі жарық көрді [3]. Кеңестік босқындар орныққан Батыс Қытай тарихының республикалық кезеңіне қатысты толық зерттеу ретінде Эндрю Форбстың еңбегін атауға болады [4]. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі Шыңжаңдағы қазақ босқындар тақырыбы қарастырылған зерттеулер қатарында тарихшы Н.Мұхаметханұлының еңбегін атауға болады [5]. Осы зерттеудің 4-тарауы «Минго дәуіріндегі қазақтар (1912-1920)» деп аталып, «Қазақстан қазақтарының Шыңжаңға бас сауғалап баруы» тақырыбымен босқындарға Қытай билігінің саясаты қарастырылған. Н. Мұхаметханұлы зерттеуінің басты дереккөзі қытай өкімет мекемелері өзара алмасқан хаттар болған. Тағы бір қазақстандық зерттеуші Н. Алдабектің

еңбегіндегі Шыңжаң тарихындағы босқындар мәселесі негізінен ресейлік тарихшылар еңбектерін пайдаланып жазылған [6]. Қарастырылып отырған тақырыпты «Қазақстан-Шыңжаң» эмиграциялық ағыстар контекстінде қарастырған ресейлік тарихшы Н.Н. Аблажейдің еңбегінде екіжақты қарым-қатынас, миграция көріністері жүйелі талданған [7]. Монографияның деректік базасын Ресей Федерациясы сыртқы саясат архиві құжаттары құраған. Кеңестер Одағы мен Синьцзян провинциясының 1918-1941 жылдардағы өзара байланыстарын дипломатиялық ведомства архиві негізінде зерттеген В.А. Барминнің еңбегінде босқындарды Шыңжаңнан қайтарудың себептері 1921 жылғы мамырдағы «Іле хаттамасы» деп аталған келісім шартпен сабақтас қарастырылады [8]. В. А. Барминнің еңбегінде Шыңжаңдағы орыс босқындары ғана жеке қарастырылуы зерттеудің шектеулілігін көрсетеді. Соңғы жылдарда жарияланған тақырыпқа қатысты маңызды зерттеулердің бірі ретінде Т. А. Шаметованың зерттеуін атауға болады [9]. Бұл ғылыми зерттеу объектісі Шыңжаң мен Ресей арасындағы сауда, экономикалық байланыстар болғанымен, монографияда тараптардың саяси қарым-қатынастарына да орын берілген.

Нәтижелер. 1920 жылдың 27 мамырында Түркістан Автономиялық кеңестік республикасы мен Синьцзян провинциясы басшылығы қол қойған «Іле хаттамасынан» кейін Шыңжаңдағы босқындарды Отанына қайтару жұмыстары ресми сипатта іске асырыла бастады. Босқындардың барлығының үдере көшіп кетуіне біріншіден қолдарында қаржының жоқтығы, екіншіден көктемгі жолдың тым лайсаң болып тұрғаны әсер етті. Кеңестер билігіне ниеттес М. Зайналовтың Құлжадан жолдаған хабарламасында Ресейдің ескі патшалық билік консулы Владимир Федорович Любаның адамдары босқындардың ара-сында үрей туғызатын кеуесат таратқаны, кейбір бай босқындар тараншы босқындарды Кольчак үкіметіне екі миллион сомға сатқаны туралы мәлімет келтірілген. М. Зайналовтың айтуынша Кольчактың ақшасын Құлжаға генерал Карцовпен бірге Құсайынбек Юнусов алып келген. Босқындарға таратылу үшін Кольчак әкімшілігі берген қаржының 500 000 сомын генерал Карцов, Баранчук, полковник Сидоровтардың жеке пайдасына жұмсап, босқындарға енді Омбыдан жеткізілетін тағы 1 миллион 500 мың сом қаржы күтіп отырғанын хабарлаған. Келетін қаржыға босқындар пайдасына алынуға тиіс товарларды жергілікті бай босқындардан алуға алдын ала келісім бар болған. Пайда көретін байлар егер босқындар туған жеріне көшетін болса, Кольчак билігінен келген қаржыға алынған товарларды Қытай үкіметі тәркілеуінен сескеніп, босқындар арасында әрқилы кеуесат таратып жатқаны айтылады. Сыбыс ақпараттарда «Кеңестер елінде 18 бен 60 жас арасындағыларды әскерге шақыру болып жатыр», «Ташкентті ағылшындар басып алыпты», «большевиктердің қайта оралған босқындарды қыруда», «Сидоровтың отряды Құлжаға таяп қалды» - деген және басқа қауесеттер де бар. М. Зайналов бұл кедергілерге қарамастан босқындардың басым бөлігі Отанына қайту ниетінде екенін, күніне 15 босқынға арнайы үлгідегі куәлік таратылып жатқанын, босқындар лайсаң жол мен ат-көліктен таршылық көріп отырғанын, босқындарды қайтару жөніндегі комиссия жылдамырақ келмесе, ахуал бұдан да күрделі-нетінін хабарлаған [10, 50 п.]. Өз кезегінде М. Зайналовтың большевиктік өкіметтің өкілі ретінде босқындар арасындағы жұмыс істеуіне Ресейдегі бұрынғы биліктің Қытайдағы өкілі ретінде қалған, Құлжадағы орыс консулдығының уақытша меңгерушісі В. Люба барынша қарсылық жасап бағады. 1920 жылдың наурызында Қытай дао-иніне жолдаған № 151 хатында В. Люба «орыс азаматы» Касировтың орыс азаматы Юлдашовқа қаржылық талабы бойыншы істі Сяо-Чан атты қытай чиновнигінің Миннахун Зайналов есімді тараншыға бергеніне наразылық білдірген. В. Люба М. Зайналовты «ашық большевиктік агент» екеніне назар аударып, Сяо-чанның М. Зайналовпен тізе қосып жұмыс істеуіне наразы арыздар көп түсіп жатқанын көрсеткен. Құлжадағы орыс консулдығының уақытша меңгерушісінің наразылық хатында Қытай орталық үкіметі мен Пекиндегі Ресейдің төтенше елшісі большевиктермен қарым-қатынасты мойындамайтынын, олармен ешқандай ресми байланыстары жоқ екенін екі ел арасындағы шекара-ның жабықтығы көрсететінін уәж қылып, Измойше-цзюй (босқындар қоғамы) мекемесіне «большевиктік агент» М. Зайналовтың қатысуына назар аударуды сұраған. Хат соңында В. Люба мұндай жағдайдың Іле шекара округінің Дао-иньі қызметіндегі «көпжылдық тәжірибелі мемлекет қайраткерінің» назарынан тыс болып жатқанын көрсеткен [10, 48 п.]. Үнемі Қытайдың Іле ауданындағы ахуал туралы мәліметтерді Жаркентке жолдап отырған М. Зайналов өзінің 1920 жылдың 8 маусымдағы құпия хатында Отанына оралғысы келетін босқындардың көкейінде «ол жақтағы күйіміз қандай болады» - деген ең басты сұрақ мазалап тұрғаны, олардың Кеңес өкіметінің өкілдері ретінде келіп жатқандардың сөзіне сене бермейтінін атап көрсеткен [11, 77 п.]. М. Зайналов Шыңжаңдағы бұрынғы ақгвардияшыл босқындардың Кеңес өкіметіне көзқарасын өзгерту мақсатында екі ұсыныс жасаған. Оның біріншісі, Шыңжаңға кеңестік өкілдерін алдырудың орнына, ақтар өкілдерін Жетісуға шақырып, өлкедегі ахуалмен таныстыруды ұсынған. Екінші ұсынысында Шыңжаңда кеңестік үгіт-насихат жүргізу және мұндағы офицерлік ұйым-дарды бақылау үшін құпия ұйым құру көзделген. Бұл ұйымды қытай билігі әшкерелеген жағдайда Кеңес

өкіметін айыптамауы үшін кеңестік ресми өкілдерден аулақ құру ұсынылды. М. Зайналовтың көрсеткеніндей, болашақ ұйым айрықша өкілеттігі жоқ, қаржылық қолдауды керексінбейді [11,77 (а),78 пп.]. Құлжадағы В. Люба – М. Зайналов текетіресі ресейшілік саяси қарама-қарсылықтың босқындар мәселесінде Қытай территориясында да жалғасқанын көрсетеді. 1920 жылы В. Люба кеңестік уәкілдердің талабымен Құлжадан Пекинге шығарылып жіберілді [9, 150 б.].

Осылай қалыптасқан жағдайда ерекше комиссияның шекаралық бөлімдері жұмысқа кірісті. 1920 жылдың 9 мамырында Қалжатта босқындарды қабылдау пунктін ашу мақсатында кіші комиссия қызмет-керлері осында келді. Қалжат ауылында босқындарды қабылдау жөніндегі жұмыстар жүргізген Құлжа ауданының кіші комиссиясының тағайындалған мүшелері мен қызметкерлерінің құрамы бөлім меңгеру-шісі С. Н. Құлшанов, іс жүргізуші А. Е. Останин, шаруашылық жүргізуші З. Сайфулин, агент-қызметкер А. Кулов, ем бойынша көмекші С.С. Варламов, мейірбике М. Г. Канавина, айдауылдар П. Осинини мен М. Верхошанскилер, барлығы 8 адамнан тұрды [10, 94,95 пп.].

Қытайдан қайтарылған босқындарға егіндік себуі үшін тұқым қорын беру жөнінде арнайы нұсқаулық қабылданды. Әрбір босқындар жөніндегі болыстық комитет пен болыстық ревкомдар осы нұсқаулық негізінде еңбекке қабілетті жан санын көрсете отырып, ең кедей босқындардың жалпы тізімін жасауға міндеттенді [12, 39 п.]. Қытайдан Жетісуға келген босқындарды қабылдау және оларға алғашқы көмек көрсету жөніндегі нұсқаулықта: «Жетісу облысына 1916 жылғы оқиғаларға байланысты РСФСР аумағынан кеткен және 1918-1920 жылдардағы ақ гвардияшылардың шапқыншылығына байланысты қоныс айдаруға мәжбүр болған барлық босқындар Қытай үкіметі немесе РСФСР-дің Қытайдағы өкілі олардың тұрғысының босқын екендігін куәландыратын құжаттары бойынша қабылдансын» - делінген. Нұсқаулықтың ескертпесінде босқындардың босқын ретінде жеке басын куәландыратын құжаттары болмаған жекелеген жағдайларда онымен бір мезгілде қайтушы қасындағылардың құжаты бойынша рәсімдеуге мүмкіндік берілетіні, егер босқын жалғыз қалған жағдайда оның жеке басын онымен әңгімелесу және Жетісу аумағындағы бұрынғы тұрғылықты жерін сұрау жолымен анықтауға болатыны көрсетілген. Босқынның жауабы дүдәмел, әрі оның сөзінің растығына күмән туған жағдайда оны тіркеуге болмайды. Нұсқаулыққа сәйкес барлық келген босқындар тіркеу кітабына енгізіліп, олардың одан әрі жүруі үшін босқынға көрсетілген көмек түрлері, жанұясына тамақтандыру пункттері арқылы берілген көмек туралы мәліметтер енгізілген куәлік берілді. Қытайдан келген босқындар алдын-ала медициналық тексеруден өтеді, ал жұқпалы аурулармен ауыратын науқастар жақын маңдағы медициналық пункттерге жіберіледі. Босқындарды мүмкіндігінше болыс, ауылдары бойынша топтап, тұрғылықты жеріне бастап апару үшін жолбасшы сайлап жіберу көзделді [12, 47 п.].

Жергілікті жерлерде босқындарды орналастыру жөніндегі уездік ерекше комиссияларға арналған нұсқаулыққа сәйкес Қытайдан келіп жатқан босқындар төрт негізгі категорияға бөлінді. Ол: 1) жанұясы жоқ босқындар, 2) жанұясы және киіз үйі бар босқындар, 3) Киіз үйлері бар, басқа еңбек жабдықтары жоқ босқындар, 4) киіз үйлер, жанұясы және еңбек жабдықтары бар босқындар [13, 2 п.].

Советтер өкіметінің Батыс Қытайдағы босқындар мәселесін шешуге мүдделілігі «белгілі бір деңгейде Синьцзяндағы ақгвардияшыл құрылымдардың ұйымдасуына қарсы тұруға бағытталғанына» зерттеуші Н.Н. Аблажей назар аударады [7,24 б.]. Синьцзяндағы Кеңестік билікке жау әскери құрылымдар екі жақтың да мазасыздығына себеп болғаны анық. Ресей тарихшысы В.А. Бармин ақгвардияшылардың Синьцзянға ығысуының нәтижесінде 1921 жылдың көктеміне қарай провинцияда 50 мың орыс солдат, офицер, босқын жиналғанын жазады [8, 43 б.]. 1921 жылдың 9 мамырында Тарбағатай округіне өкшелей қуған кеңес әскерлерінен қашып ірі әрі жақсы қаруланған Новиковтың отряды енді. Қаруларын тапсыру жөніндегі қытай өкіметінің талаптарын орындамаған отряд Бакич құрамалымен қойындасып кетті. Новиков отряды келісімен Тарбағатай округінің дудуны (әскери губернаторы) Дзян Сян Түркістан майданы қолбасшылығына көмек сұрап, өтінішпен шықты [8, 56 б.]. 121 жылдың 17 мамырында «Түркістан майданы қолбасшылығының Синьцзян өкіметімен Қызыл армияның Қытай жеріне Бакич пен Новиковтардың ақ армияларын бірлесе жою мақсатындағы енгізілуі туралы» келісім шартқа қол қойылды [8, 57 б.]. Шәуешек операциясы аталған бұл шайқастың мән-жайы Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде толық жазылмады. Сол кездегі зерттеулерде «Синьцзян өкіметінің өтінішімен Түркістан майданы бөлімдері Табағатай округіне кіргізіліп, Бакич және Новиков ақгвардияшыл топтарына қарсы шабуылға шыққаны» үстірт баяндалды. 1921 жылдың мамыр-маусым айларында жалғасқан операция нәтижесінде Бакич армиясынан 1000 адам өліп, 1500-і тұтқынға түсіп, 500 солдат пен офицер Алтай округіне ығысты. Осы жылдың 2 шілдесінде Бакичтің әскерінің қалдығы шабуылсыз Шара-Сүме бекінісін басып алды. Бекіністе қалған 400 винтовка, 12 пулемет, соншалықты басқа қару, 1000 снаряд, 6000 патрон, 1000 пұд күріш пен бидайды олжалаған генерал Бакич құрамасы жеңіліс зардабынан оңалып, толыққанды әскери күшке айналды [8, 58 б.]. Іс жүзінде Алтай округінің

қожайынына айналған Бакич жергілікті халықпен байланыс орнатып, күш біріктіруге тырысты. Осы мақсатта 1921 жылдың 25 шілдесінде Бакич штабында жергілікті халықтардың өкілдерімен съезд шақырылды. Бұл жағдайларды барынша мұқият бақылап отырған Қытай орталық үкіметі қалыптасқан жағдайдан шығудың жолдарын қарастырып жатты. Қытай билігі үшін проблеманы шешудің тиімді жолы – Кеңестер жағының Синьцзяндағы барлық босқындарға, ең алдымен, ақгвардияшыл топтарға жаппай рахымшылық жариялауы болып табылды. Мұндай рахымшылық жария-лау ресейлік эмигранттардың жаппай Отанына оралуына жағдай жасап, Синьцзяндағы ақ армия топтарын тірегінен айыруға тиіс болатын. Бұл идеяны жүзеге асыру мақсатында Қытай өкімет орындары кеңестік билікке осы мағыналас рахымшылық жариялау туралы бірнеше мәрте ұсыныс жасады. 1921 жылдың маусымында Кеңес тарапы жариялаған Синьцзян облысына қашқан босқындарға рахымшылық реэмиграция процесін белсенді қылса да, провинциядағы ақгвардияшылар мәселесін толық шеше алмады. Бакичтің Тарбағатай округінен кетіп, Алтай провинциясын басып алуы Синьцзян билігін Кеңестерден қайтадан көмек сұрауға мәжбүр етті. Кеңестік дипломаттар Қытай Синьцзянына әскери көмек беру мәселесінде дипломатиялық өкілдіктер ашуды қарымта талап ретінде пайдаланды. 1921 жылдың 26 маусымында Құлжаға сыртқы сауда бөлімінің Крашенников бастаған өкілдігі келсе, НКВД Үрімжідегі кеңес өкілі ретінде Казанскийді бекітті.

1921 жылдың 21 шілдесінде Құлжадағы НКВД уәкілінің орынбасары Эпштейн мен Жаркент уездік ерекше комиссия төрағасы Сайфуллин ТүркОАК ерекше комиссиясына жолдаған хатында ресми Қытай билігінің босқындар мәселесіндегі саясатында өзгеріс бар екенін хабарлайды. Кеңестер жағының босқындарға толық рахымшылық жариялағаны туралы НКВД басшысы Чичериннің Пекинге жолдаған жеделхатының негізінде қытай тарапы Синьцзян провинциясы аумағынан кеңестік босқындарды толықтай реэвакуациялау жөнінде жедел шаралар атқаруды ұсынған. Ендігі жерде қытай билігі тарапынан босқындардың қайтарылуына байланысты ешбір кедергі болмайтынына сендірген. Эпштейннің мәлі-метінше, бұл кездегі Синьцзяндағы босқындар санын 15000 адам деп шамалауға болады. Босқындардың басым көп бөлігі қарызға батып құлдыққа түскен жағдайда. Еріксіз босқындардың санын ажырату қытай билігінің ығындағы Измойше-цзюй (босқындар қоғамы) ұйымының кеңестерге қарсы көзқарасы кесірінен мүмкін болмаған. Осыдан келіп, босқындарды құлдықтан босатуға қажетті қаржы мөлшерін анықтау да қиын болды. Эпштейннің көрсетуінше, босқындар топ-топ болып Құлжадағы кеңес өкілдігіне келіп, түземдік кедейлерге жақсы қарайтын Кеңес өкіметінің не себептен оларды ұмытып, «түземдік кедейлерге жасалған жұмаққа» кіргізбей тұрғанын сұраған. Таяу арада босқындар тасқыны көптеп келе бастайтынын ескеріп, көлік пен тамақтану пункттерін құру үшін қаржы керектігі айтылады [14, 135 п.]. 1921 жылдың 12 қазанында ерекше комиссияның Қашқардағы өкілі Исаметдин Шабдановтың Жетісу облыстық батрақтар бюросына жолдаған өтінішінде Қашқардағы жетісулық босқындардың атамекеніне қайтуға мүлде жағдайлары жоқ екенін баяндаған. Пішпек, Нарын, Қарақол уездерінен келген қырғыз босқындардың бір де бірінің Жетісуға қайта алмауына ең алдымен, аш-жалаңаштығы, қыздары мен ұлдарын тамақ табу үшін құлдыққа сатқандығынан олады тастап кете алмайтындығы, тағы да аштық құрсауында байларға қарызға батқандығы, сол қарыздары үшін бас еріктерінен айрылып, құлдықта жүрулері себеп болып отырғанын тарқатып жазған. И. Шабдановқа Қашқар даотайы барлық босқындарды жинап, олардың жаңа қожайындарымен қарыз есептерін өтеп, Ресейге қайтаруды тапсырған. Ерекше комиссияның Қашқардағы өкілі босқындардың ешқайда кете алмай зар еңіреп жүргенін суреттейді. Босқындарды Отанына жөнелту үшін Қашқарда ақша айналымында жүрмейтін Кеңестік, Николай дәуірінің ақшалары емес, Қытай меду ақшасы және айырбастық құны бар түлкі терісі керектігі көрсетілді. Өтініш соңында И.Шабданов: «Айтылғандардың негізінде адамсүйгіштік құрметіне еріксіздер мен кедейлердің мүддесін қорғаушы ретінде Сізден облыстық комитеттен түлкі терісі мен меду ақшасын жинап, Қашқарға босқындарды сатып алу, босату және жеткізу үшін жіберу туралы қаулы қабылдауға әсер етуіңізді сұраймын. Қалған жұмысты мен өз мойныма аламын» - деп жазған [14, 152 п.]. И. Шабданов өтінішпен бірге Қашқар Даотайы Джимуни Ямынның өзіне жазған хатының аудармасын да жолдаған. Даотай хатында Ресей өкіметінің босқындарға рахымшылық жариялауына байланысты Қашқарда көп жылдан бері тұратын И. Шабдановтың мұндағы қырғыздарды жақсы білетіндіктен, босқындарды жинап, Ресейге солармен бірге аттануды тапсыратынын жеткізген. Босқындарға ешкімнен жасырынып, қашпай болашақ-та арыз-шағым көбеймеу үшін, өздерінің қарыздары бойынша талаптарды орындауы керектігін ескерткен. Мингуйдың 10 жылының 8 айдың 2 күні жолданға хатты қытай тілінен А. Құдайбергенов аударған [14, 153 п.].

Синьцзянға Қызыл армия бөлімдерін енгізу туралы «Алтай округіндегі ақ отрядтарды жою мақсатында РСФСР қызыл әскерлерінің Қытай Республикасы аумағы енгізілуі туралы келісімге» 1921 жылдың 12 қыркүйегінде Шәуешекте қол қойылды. Келісімге дипломатиялық өкіл Казанский емес,

Сібір әскер-лері революциялық-әскери кеңесінің ерекше уәкілі Погодин қол қойған [8, 62 п.]. Келісім нәтижесінде қызыл армия бөлімдері Синьцзянға өтіп, Бакич топтарын талқандады. Бакичтің өзі алдымен Монғолияға қашқанымен, сонда тұтқынға түсіп, 1922 жылдың мамырында әскери трибунал үкімімен атылды [8, 63 п.].

Ресми Қытай билігінің Синьцзяндағы ақ гвардия топтарына қатысты саясаты 1919-1922 жылдар аралығында мүлде өзгергені туралы НКВД-тің Орта Азиядағы уәкілінің орынбасары Силинге жолданған авторы көрсетілмеген құпия хатта да айтылады. Қытай билігінің әсерилері бар, босқындар бар ақ күш-теріне қатысты ұстанымын талдаған хатта «Қытайлар біздің тарапымыздан ақгвардияшыларды шығарып кетуге кедергі жасамайды, қайта барынша көмектесетін болады. Өйткені, ақ құрамалардың көтерілеті-нінен үміті үзілген қытайлар үшін оларды жабдықтау қомақты қаржыны қажетсінуде. Екінші жағынан қытайлар ақ гвардияшылардың аз мөлшерде болса да, олардың ортасындағы қоғамдық өмірі болуынан қауіптенеді» - делінген [15, 45-46 пп.].

1921 жылдан бастап, босқындарды қайтару бойынша ұйымдасқан шаралар Қырғыз АССР құрамына кіретін шығыс өңірлерде де қолға алына бастады. 1921 жылдың 12 шілдесінде Семей губерниялық ревкомы Зайсаннан келген шекараның арғы бетіне көшіп кеткен қырғыздар (қазақтар) қайта оралуға тілек білдіріп жатқаны туралы хабарламаны қарап, «губревкомның атынан Отанына оралғысы келетін қырғыз-дарға (қазақтарға) үндеу жариялап, олардың жеке және мүліктік тиіспеушілігіне кепілдік беріп, сондай-ақ мекемелерге оралушыларды қабылдау және орналастыру тәртібі туралы арнайы тиісті бұйрық шығаруға» қаулы алды [16, 261 п.].

1921 жылдың қарашасында Құлжада РСФСР өкілдерінің қырғыз (қазақ) босқындарымен кеңесі өтті. Жиынға Кеңес өкіметінің Батыс Қытайдағы уәкілі Казанский, Құлжадағы уәкіл Куликов және қырғыз (қазақ) босқындарының өкілдері Бекімов, Айлчинов, дәрігер Якуббаев қатысты. Жиынның ресми сипатта болуына баса назар аударған босқын өкілдері негізінен қырғыз (қазақ) босқындардың мәселесін қарас-тыруға құлықты екендіктерін жеткізген. Босқындардың өкілі Якуббаев Шәуешек ауданының Баротола және Тарбағатайдағы және аз мөлшерде Шихо-Манайдағы қазақ-қырғыз босқындары туралы толық мағлұмат берген. Якуббаевтың көрсетуінше, Баротола алқабының жоғарғы бөлігінде 1918 жылы Қапал уезінен кеткен 200 түтіннен қалған 100 түтін тұрып жатқан. Бұлардың кедейлері Ресейге қайтып кетіп, Маманов, Тұрысбеков және басқалар бастаған байлар ғана қалған. Олардың 40 шақты түтіні Құлжа ауданындағы тараншы қышлақтарына қоныстанған. Көрсетілген ауқатты босқындар Ресейдегі жағдай туралы толыққанды мәлімет болмаған соң, Отандарына қайтпай отырған. Боротола маңындағы бірқатар босқындар қалмақтарға бір жылға дейін жалданып, ақысын алдын ала алып қойған себепті қайта алмайды. Якуббаев Боротоланың орта ағысындағы Жимпа ауданында Лепсі уезінің Чинжилы, Алакөл, Шарбақты, Еміл, Көктау-Қатшысу және Барлан болыстықтарынан келген 400 түтіннің 300 түтін Ресейге қайтып кеткенін, қалып қойған 100 түтін ел кедейлер екені, бөтен адамдардың қойын бағып жүргенін, тіпті әйелдерін қашқарлықтарға сатқандары да бар екенін баяндады. Якуббаев батыс Шынжылы бұрынғы болысы болған босқынның өз қызын жипалық сартқа сатқанын мысалға келтірген. Якуббаев, сондай-ақ Боротоланың төменгі ағысындағы Жима ауданындағы жайлауда Қожеке би бастаған Үржар болысты-ғының 50 түтін қырғызы қоныстанғанын, бидің өзі қызын 70 жастағы Жинхелік сартқа сатқанын, бұлар-дың да кедей ауыл екенін жеткізген. Жин және Шим аралығындағы Барқсу шатқалында Үржар болыс-тығынан барған Ағажан Бекжанов бастаған 20 түтін тұрады. Бұлар бір мәрте 100 түтін боп Ресейге кері қайтып, Сартау шекара бекетінде тоналып, кері қайтып Жайр деген жерге қоныстанып қалған. Якуббаев мәлімет берген бұл босқындар негізінен 1918 жылдардағы ұрыс кезінде ауа көшуге жәбүр болғандар [17, 413-414 бб.]. Якуббаев баяндаған босқындардың келесі тобы Тарбағатайдың Маил және Жаир таулары, Дүрбүлжін, Құлұстай және Шәуешектің маңайында орналасқандар. Бұл аудандарда 1919 жылы Жетісудың Еміл, Бурылсай, Көктау-Қатшысу, Үржар, Мырзатай-Қарасу және 50 түтін Лепсі уезіне қарасты Қарақолдан ауа көшкендер тұрақтаған. Якуббаев бастапқы саны 400 түтін болған бұл босқын-дардан осы кезде 250-300 түтіндей қалғанын жеткізген. «Олардың (босқындардың) көпшілігінің малдары 1919 бен 1920 жылдардағы қыстағы жұттан қырылды. Олардың Қытайға көшуінің себебі Аннековтың шегінуінде жолдарында болуынан. Аннековтың жолынан жырақ орныққан қырғыздар (қазақтар) Ресейде қалды. Олардың ең кедейлері Шәуешек, Құбілжін және Құлыстайда орныққан, бұлар шамамен 80%-ды құрайды» - деп көрсетеді Якуббаев [17, 415 б.]. Оның баяндауынша, бұлардың арасындағы ауқатты босқындар таулы аудандарда тұрып, мал өсірумен айналысады. Бұл босқындар тобының бір бөлігі Қытайға екінші мәрте қашып келгендер. Олай етулеріне шекара маңайында, орыс иелігінде батрақтар одағынан шыққан Асылбеков дегеннің ауқатты қырғыздардың тізімін жасап, мұндай «ықпалды» қырғыз-дар алыс уездер мен облыстарға жер аударылатындарын айтып үгіт жүргізуі әсер еткен. Якуббаевтың айтуынша Іле ауданына қарасты Көкқамыр тауларында 1918 жылы және одан кейін Лепсі

уезінен 1000 түтін келіп, олардың 700-дейін Джен Шоу-Ши қытай қырғыздарының болыстықтарына орналастырған, бұлардың 60%-ы ауқаттылар болған. Ал Манас ауданында шекараның арғы бетінен 1916 жылы келіп сіңісіп кеткен, қайта кетулері неғайбыл 60 түтін босқындар тұрған. Құлжадағы жиынға қатысып сөз сөйлеген босқындардың өкілі Айылчинов Құлжа ауданындағы босқындардың 150 мың жан 1916 жылы Текес арқылы Прежевальск және Жаркент уездерінен келгенін, соңғы болып Нарынқол учаскесінен 65 мың жан Албан руының қазақтары өткенін, бұлардың басым бөлігі Ресейге қайтадан өткенін баяндайды. Айылчиновтың айтуынша, Текес ауданында 200 шамалы түтін (2/3-сі кедейлер), Күнесте 70 түтін (бұлар да кедейлер), Кашта 40 түтін (30-ы кедейлер), Бартолада 60 түтін Албан руының қырғыздары, қара қырғыздар (кедейлер) орныққан. Іле өзенінен Құлжа қаласына дейінгі аралықта 300 түтін кедей босқын-дар бар. Ал Құлжа қаласында 360 түтін кедейлер, Сүйдін-Күре, Қорғаста – шамамен 200 түтін босқындар орналасқан [17, 416 б.].

Құлжадағы жиынға қатысушы РСФСР дипломаттары босқындар өкілдерін ауа көшкендердің құлдыққа сатылуы, қытай чиновниктерінің қысастығы сияқты ақпараттарды ортаға салуға шақырған. Батыс Қытайдағы кеңестік уәкіл Казанский «(босқындардың) құлдыққа сатылуы туралы мәліметтер мен фактілер Пекинге белгілі саяси қысым жасауға керек екенін» жасырмады [17, 416 б.]. Уәкілдің сұрауына жауап ретінде Якуббаев «Қырғыздар (қазақтардың) Қытайға қашқан кезде олардың әйелдері мен балаларын тартып алмақ болған қалмақтармен атыстар болғанын», шабуылдаушы қалмақтар жас балаларды да тартып алып отырғанын баяндады.

Үш Тұрпан, Ақсу, Қашқар, Шахиар, Қарашехир қалаларына орныққан босқындар Жетісу облысының Пішпек және Прежевальск уездерінен қашқан 300000-дай босқынның «қытайларға 30 000-дай адам сатқанын», «қытайлықтардың сатып алған адамдарын ақшасыз қайтарғысы келмегені» туралы олардың өкілдерінің 1921 жылдың 21 тамызында шығыс халықтарының насихаты мен әрекеті Кеңесіне жолданған хатында көрсетілген. 600 мыңнан аса «қиындық көрген босқындар» атынан хатқа Шеке Рүстемов, Исмаил Дауренов, Жүніс Байжанов қол қойған [18, 16, 16 (а) пп.].

Босқындар мәселесінде шешімі күрделі мәселе «оңтүстік Шынжаңға босып барған қазақтардың аштыққа шыдамай жергілікті тұрғындарға сатқан адамдарын қайтарып алу мәселесі еді. Қашқарияға қашып барған қазақ босқындар онда көп ұзамай қатты аштыққа душар болғандықтан, ата-аналары қыздарын, күйеулері әйелдерін жергілікті тұрғындарға сатып, олардың орайына болымсыз ғана азық-түлік алып, шықпас жанға қорек қылады. Бірақ сол сатылған адамдардың иелері еліне қайтатын болғанда, өздерінің амалсыздан азыққа айырбастаған бауыр ет - балаларын және сүйікті жары - әйелдерін тастап кетуге жүректері шыдамай, оларды қайтарып беруді талап етіп үлкен дау қозғайды. Сонымен олардың бұл талабын орындауға Шынжаң үкіметі шартты түрде келіседі.» [19, 219 б.]. Синьцзян губернаторының Ақсу аймағының әкімінің Мингонның 7 жылы (1919 жыл), мамырдың 23 күнгі ресейліктердің сатып кеткен ұл-қыздарын қайтару мәселесі бойынша жолдаған жеделхатында бұл кері сауданы қалай жасауға болатынына тоқталады. Әкімнің көрсетуінше, қысылтаяң шақта балаларын сатқандардың оларды кері қайтып сатып алуына жағдай туғызу керек. Баланы сатқан адам болмаған күнде, Ресей тарапының өкілдері кепілдік негізінде қайтадан сатып алуына болады. Қалай болғанда да, бұрынғы сатып алудағы құн қайтарылуға жатты [19, 220 б.]. Қытай тарихының маманы Н. Мұхаметханұлы 1916 жылғы көтеріліс-тен кейін Қытайға босқан қазақтардың Синьцзянның алты аймағына: Іле, Тарбағатай, Алтай, Қашқар, Ақсу, Байынғұлдың бытырай орныққанын көрсетеді. Қазақ босқындар ең көп орныққан жері Іле аймағы болып, онда 200 мыңдай адам барған [19, 220 б.]. Синьцзянда екі жылдай босқын ретінде өмір сүрген Орталық Азиядан ауа босқандардың санын бұл автор 300 мыңнан астам адам деп көрсетеді [19, 225 б.]. Н.Мұхаметханұлы өзінің зерттеуінде Қытай үкіметінің босқындарға қатысты әрекетін әсіре жоғары баға-лап: «Қытай үкіметі оларға «босқын» деген мәртебе бермегенімен, іс жүзінде оларға халықаралық бос-қындар катарында мәміле жасады деуге болады. Оларға қару жұмсамады, олардың онда уақытша өмір сү-руіне жол берді, шамалы болса да қайырымдылық көмек те көрсеткен болды. Сондай-ақ олар, босып бар-ған қалың қазақты шу-шұрқансыз, аман-есен өз еліне тезірек қайтару саясатын ұстанды, әрі ол жөнінде көптеген игі жұмыстар жасағандығын жоққа шығаруға болмайды» - деген түйін жасаған [19, 225 б.].

Ал Қытай үкімет чиновниктерінің босқындарға, олардың Отанына оралу талабына көзқарасы туралы тоқталған Якуббаев Шатин дарині мен Толдыберді ақалақшы (болыс) кетуге ниетті қырғыздарды (қазақ-тарды) қорлап, жылқы сойып, қанына қолдарын батырып, Ресейге кетпеуге уәде беруге мәжбүрлейтінін айтып өтті [20, 417 б.]. Якуббаевтың мәліметі бойынша бұл кезде дереу көмекке мұқтаж әрі шекара маңайына қара көше бастаған 800 түтін бар, олардың қарызы 500 тензді (ақша бірлігі) құраған [20, 418 б.].

1921 жылдың көктемінде Шәуешекте қазақ-қырғыздар арасындағы аштық туралы Камский: «Айрықша қорқынышты жағдай тып-тыныш, қарсылықсыз, әр бұрышта қырылып жатқан қырғыз

(қазақ) кедейлерінің арасында орын алды» - деп жазды [1, 57 б.]. Күн сайын көшелердегі аштан өлген адам-дардың мүрделерін ешкім жинамады. Камский тағы да: «Таң ата салысымен олар (ашыққандары) әрі-бері сенделіп, есіктерден үзіліссіз «Ойбайлаған» немесе «Христос үшін қайыр беріндерші» - деген дауыстар үзілмеді- деп жазды [1, 57 б.].

1921 жылдың 31 қаңтарына қарай Тұрғарт, Қашқар, Дутай ауданы, Остан, Ортыш, Устун, Ортыш, Файзиабат, Маралбаш, Башқрам, Абат қырғыз-босқындарды тіркеу аяқталды. Ерекше комиссия ұйымдас-тырған босқындар уәкілдері Ақсу, Үштүрфан, Ашиқ, Абат, Айкул, Бештегерман, Қарағу, Байжағарық, Кучар, Шахиар, Шалдыш, Бакчорлы, Қарабүкір, Қарашахир өңірлері бойынша өте ауыр жағдайда қалған 18 мың босқындар тізімі жасалған. Қырғыз-босқындары өкілі ретінде Кеңестер Одағы жоғары билік орындарына Шеке Рүстемов, Исмаил Дауренов, Жүніс Байжановтардың атынан жолданған хатта кеңестік билік орындарынан 5 пункттен тұратын өтініш айтылған. Олар: «1) Дереву арада арнайы комиссия құрып, Пекинге Қытай Орталық үкіметімен біздің жағдайымызға байланысты келіссөздер жүргізу үшін жіберуді сұраймыз. 2) Қытай орталық өкіметінен, Қашқар, Ақсу, Гүлжін, Үрімжі және Дутай билігінен комиссияға барушыларға көмектесуге рұқсат алынсын; 3) Отанымыздың революциялық өкіметі ерікті Совет территориясына оралуымызды қаржыландырудан бас тартпайтын шығар деген ойдамыз; 4) Азапталған халықтарды азат ету үшін қаржыландыру мұнда жарамсыз қағаз ақша емес валюта түрінде қаржылан-дырылуы керек; 5) Егер валюта бөлу мүмкін болмаса, біздің Жетісу облысынан бізді қайтару бойынша шығындарды өтеу үшін мал түрінде көмек жинайтын тағы бір комиссия құрылсын» - делінген. Қырғыз босқындар хатында оларды қайтару шығындарына көмек жинау керек болса, Жетісу облысында осы мақсатта көмек көрсетуге әзір адамдардың тізімі де берілген [18, 16 (а) б.].

Шекарадан өткен қазақ-қырғыз босқындардың балаларын, әйелдерді сатуға мәжбүр болған оқиғалары ауызекі әңгімелерде, естеліктерде көрініс тапқан. Кейіннен көрнекті кеңестік мемлекет қайраткері болған Нұрбапа Өмірзақовтың жанұясының Ресей патшасы Николай тақтан түскеннен кейін ауа көшкен босқындардың қатарында болғанда Қытай жерінде көрген азабы естеліктерде хатталған. Нұрбапаның Жәмилә Текебаева есімді әпкесі өз естелігінде: «Біздің ауыл 1917 жылы Россиядан Қытайға қашуға мәжбүр болғанда ақ патша жоқ болатын. Алайда бұрынғы билеушілер станицадағы атамандар, болыстар, ауылнайлар орындарында қалған. Бұрынғы приста та орнында қалды, тек ендігі жерде Уақытша үкімет комиссары аталды. Бұрынғыдай кез келгендер сабалды, атылды. Осындай жағдайда аман қалудың Қытайға қашудан басқа жолы қалмады» - деп көрсетеді [21, 17 п.]. Қараңғы түндердің бірінде Нарынқол маңайының тұрғындары шекарадан өтерде бораған оққа тап болады. Ертеңінде шекарашы қалмақтар босқындарды тонауға кіріскен. Аз ғана топ тауға қашып, жан сақтаған. Күзге қарай қашқын босқындардың азық-түлік қоры түгесіле бастаған. Қалған мал пышаққа ілінген. Шекарашы қалмақтардан қатерлі жау – аштық таяған. Босқындардың әл дәрмені құри бастады. Балалар тамақ сұрап, азан-қазан. Босқындар бұл жағдайда етекке жазық алаңқайға түскенде тараншы дихандар егін жинап жатқан кез болады. Нұрпейіс Өмірзақов бұл кезде 5 жаста болған. Ұйғыр қышлағына еруге батпай, маңайына тоқтаған босқындар көшіне жергілікті тұрғындар азды-көпті азық-тамақтарын ұсынған. «Осы кезге дейін бірінші рет адамдардың жүзінен мейірім көрдім» - деп еске алады Жәмилә Текебаева есімді Өмірзақовтардың әпкесі. Босқындар көшіне жергілікті тұрғындардың қарым-қатынастары әрқилы болған. Қазақ босқын-дарын осылайша жері тастауыт, егінге қолайсыз болғандықтан адамдарының көбі көшіп кеткен кезекті бір қышлаққа келіп тоқтайды. Қышлақтың Тұрдыахун есімді орта жастағы дикан өзінің баласы жоқтығын айтып, Жәмилә Текебаева есімді Өмірзақовтардың әпкесінен 5 жасар Нұрпейісті қалдырып қалдырып кетуді сұраған. «Мені сатқаннан кейін, - деп еске алады Нұрпейіс – мен не болғанын түсінген жоқпын. Қайта-қайта бауырыма қарай ұмтыламын. Қанша уақыт олай болғаны есімде жоқ, әйтеуір мені сол үйдің ек әйелі кезекпе кезек шыбықпен ұрушы еді... Үй қожайыны адамшылығы барлау адам еді, маған ара түсетін. Соққылардан басым жара болып, іріңдеп кетті. Маңайдағы өзенге жүгіріп барып, басымды суға малып тұрып, қышыған жараны қаситыным әлі есімде. Жарамен бірге уыстаған шаштарым түсуші еді. Сөйтіп шашсыз қалдым. Содан кейін қожайын, әйелдерінің мені аямайтынын біліп, бір жесір әйелге берді. Менің жалғыз досым әлгі әйелдің Әбдимин есімді жалғыз ұлы еді. Әбдимин менен екі жас үлкен болатын. Оның шешесі мені аяп, тамақтандырушы еді. Бір күні Әбдимин мені қолымнан жетектеп сыртқа бастады. Ойнайтын кезде сөйтуші еді. Бұл жолы қақпа сыртына шығып үлгермей, ол маған: - Саған аған келіп тұр! – деп қуана айқайлады. Мен ағамдар келіп отырған үйге жүгірдім. Ағамның мені қалай босатып алғанын білмеймін, есімде тек Әбдиминмен қоштасып, ағамның атына мінгесіп, оны қатты ұстаған күйі кетіп бара жатқаным...» [21, 22 п.]. Нұрбапа Өмірзақовтың 1937 жылдың 13 сәуірде өзі жазған өмірбаянында: «1918 жылы ініммен бірге Жаркентке өткенімде, мені балалар үйіне қабылдады. Сонда 1920 жылдың күзіне дейін болдым. Содан кейін інімнің ауылға қайтуы себепті мен де ауылға қайттым» - делінген [21, 95 п.]. Бұл арада Н. Өмірзақовтың көрсеткен датасында жаңсақтық болу мүмкін. Өйткені

Жаркенттегі қырғыз (казак) босқындардың Қытайда сатылған балаларына қабылдау үйін және еңбекке жарамсыз қариялар мен мүгедектер үйін ашу мәселесі 1920 жылдың 8 сәуірінде ТүкОАК босқын-дар жөніндегі ерекше комиссиясы тарапынан Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетіне қатынас хатында көтерілген [22, 5 п.]. Жетісу облыстық әскери-революциялық комитетіне жазылған тағы бір хатта облыстық азық-түлік бөліміне Жаркентте ашылатын Қытайға сатылған балалар үйі, мүгедектер мен қариялар үйіне керек 10000 аршын сұр сукнаны босату туралы тапсырма беруін сұраған [22, 5 п.].

Негізінен жатжерліктерден құралған кеңестік әскери құрамалардың ротациясының өзіндік логикасы жергілікті тұрғындарға сенімсіздіктің жоғары болуынан туды деуге болады. Мұнда әскери басшылық ұстанған негізгі принцип саяси себептер болғанымен, ұлттық мәселе маңызды рөл атқарған. Шекара әскері жергілікті халық тарапынан бөтен, күш көрсетуші, жаулаушы күш ретінде танылып, оның бұйрық-тапсырмалары біржақты жазалау тұрғысында қабылданды. Шекара әскерлерінің рапорттарында жергілік-ті тұрғындар Патшалы Ресей кезіндегідей «киргиз» деп жалпылама сипатталса, босқындар «қашып өтушілер» саналды. Ұсталғандардың жан, қару, мал саны саналғанымен, адамдардың жеке тұлғасын анықтауға бағытталған жұмыс жүргізілмеді. Шекара бөлімдері кезекшілігінің есептерінің тым жұтаң екенін ВЧК Қытай шекарасы әскері бастығы Тарапов, ерекше бөлім бастығы Леонов, штаб бастығы Романовскийлер қол қойған бұйрықта көрсеткен. «ВЧК әскеріне және бригада штабының жаппай тара-тылған бұйрығына қарамастан, ешбір батальон командирі жедел орта туралы сол бұйрықтың жедел мәлімет табелінің 9,10, 11, 12, 13, 19 және 20 пункттерінде көрсетілгендей толыққанды ақпар жіберген жоқ. Көп жағдайда берілетін мәліметтер тым жұтаң, әрі республика ВЧК сұранысына жауап бермейді және мағлұматы жоқ ресми жауаптар болып тұр.» - делінген Тараповтың 1921 жылдың 3 қазан күнгі бұйрығында. Бұйрықтың 4-параграфында ендігі жерде командирлер мен адъютанттардың бұл бұйрықты орындамауы орнынан алынып, ревтрибунал сотына берілуіне дейін жауапкершілік тартатыны ескертілген [23, 46 п.]. Бұйрықта аталған Жаркент Түркмен шекара полкі туралы бірер дерек келтіре кетейік. 1920 жылдың маусымында Мерв қаласында орналасқан әскери бөлімнің жасақталу тарихы туралы мәлімет кездеспеді. Ресей мемлекеттік әскери архивінде сақталған полктің қорында 1921 жылдың 6 наурызында Түркістан дивизиясы құрамындағы 55 атты әскер полкі ретінде Сосновка мекенінде орналасқаны туралы дерек бар. 1921 жылыдың 7 маусымынан ВЧК әскеріне бағынышты болған Түркімен шекара полкі 9 осы жылдың 4 тамыз - 9 қыркүйек аралығында Сосновка селосынан Жаркент қаласына келтірілген. Түркмен полкінің командирі қызметін Марсаков атқарған. Түркмен полкі 1922 жылдың 22 наурызында полк құрамындағы түркімен ұлтты қатардағы жауынгерлер мен әскери құрамды бөліп, Түркменстанға аттандыруға дайындалады да, әскери бөлімге 39 жеке шекара эскадроны атауы беріледі. 22 наурыз күнгі бұйрықпен Түркімен шекара атты әскер полкі таратылды деп саналады [24, 14 (а), 15 (а) п.].

РСФСР барлау мәліметтерінде Іле округінде қытайлық қарулы күштердің жалпы саны 4966 қылыш, 13 пулемет, 12 зеңбірек болғаны көрсетілген. Қашқар округінде 5340 қылыш, 6 пулемет, 6 зеңбірек орнықса, Тарбағатай ауданы орталығы Шәуешекте 1 батальон, 3 эскадронды құрайтын 400 қылыш, 4 пулемет, 2 зеңбірек, Үрімжі ауданында 3500 қылыш, пулемет саны белгісіз, 18 зеңбірек топталған [15, 4 п.]. Шекара қызметінің барлауы 1647 қылыш ақгвардияшылар әскери күштері бар екенін де анықтаған. Қытайдың Іле округы шекара күзетіне жалпы саны 2160 қылыш әскери күш жұмылдырылса, азаматтық өкімет отрядтарында шекара күзетінде 1410 адам қызмет еткен [15, 4 (а) п.]. Кеңестік әскери барлау мәліметтеріне негізделген батыс Қытай әскери кимыл театры шолуы бойынша Синьцзян әскерінде винтовканың 10 түрі болған. Аумақта кең таралған қару түрлеріне герман маузері, жапон мураты, орыстың 3 линиялы мылтығын, карабиндерді жатқызуға болады. Синьцзян әскері Максим, Гочкис пулеметтерін қолданған. Артиллерия ескі үлгідегі крупн зеңбіректерімен қаруланған. Синьцзян әскери құрамалары аз мөлшерде болса да жаңа қару түрлерін қолданған [15, 34-35 пп.].

Синьцзяндағы босқындардың Отанына реэвакуациясына қажетті қаржы бөлу мәселесіне РСФСР сыртқы істер халкомы орынбасары Л. М. Карахан назар аударып, 1922 жылдың 11 қарашасында РКП Орталық комитеті ұйымдастыру бюросына саяси мазмұндағы хат жолдады. Хатта ведомствoarалық кеңестің қорытындысы бойынша Батыс Қытайдан реэвакуациялануға жататын 10 мың адамның алғашқы 5 мыңын қайтару үшін 25 000 сом алтын ақша бөлу туралы қаулы қабылданғаны айтылады. Көрсетілген сома негізделіп, қаржы халкомына 3 қараша күні ұсынылып, сыртқы істер халкомы жалпы реэвакуация сметасына қосылған [20, 427-428 бб.].

Қытайдан босқындарды қайтару және орналастыру шаралары және бұл бағыттағы жұмыстарды қаржыландыру бойынша кеңестік өкімет органдарының жұмысы өзара үйлесімді болмауына ТүркАССР, ҚырАССР-дің орталық органдары мен РСФСР сыртқы істер халкомы арасындағы келіспеушіліктер әсер етті. Босқындар проблемасын шешу механизмдеріне қатысты республикалар мен сыртқы істер халкомы-ның әрқайсысының әркілі бағдары болғанын ведомствалардың ішкі хат алмасуларынан, баяндама-ларынан байқауға болады. Босқындарды қайтару мақсатында бөлінген 25 000

сом алтын қаржының түскені туралы 1923 жылдың 21 ақпанында сыртқы істер халком орынбасары Л. М. Караханға осы ведомстваның Ташкенттегі өкілі Л. Е. Быстров хабарлаған. «Құрметті Лев Михайлович!» - делінген хатта, - Батыс Қытайдан босқын-қырғыздарды (қазақтарды) реэвакуациялауға арналған 25000 сомды алдым. Мұндағы бүркемеленген, бүркемеленбеген ұлтшылдар НКВД-ті ысырып реэвакуация ісін өз қолдарына алғысы келеді». Л. Е. Быстров өзінің «РКП Орта Азия бюросына енгізген жобасы ұлтшылдық ұмтылыстарға жол бермейтінін» атап көрсеткен [20, 428 б.].

1923 жылдан босқындарды қабылдау орналастыруға байланысты жұмыстар қайта жанданғанын көруге болады. 1920 жылы қыркүйек айында Түркістан халкомкеңесінің Шамамен осы уақыт ТүркАССР халық комиссарлар кеңесі ерекше комиссиясының Верный уезіндегі өкілетті уәкілі болып Қанай Боранбаев тағайындалады [12, 25 п.]. 1922 жылдың 15 сәуірінде Жетісу облыстық атқару комитеті төрағасы Сыдықовтың Обком мен облатқарукомның №17 қаулысымен Қ. Боранбаев пен Ж. Күдерин Құлжа сыртқы байланыстар бөлімінің кеңесшісі ретінде бекіту туралы Түркістан сыртқы істер халық комиссарлығы уәкілетті өкіліне хат жолдады [25, 45 п.]. Қанай Боранбаевтың кандидатурасын ТүркОАК мен сырқы істер халкомы бекітті. 1922 жылғы 2 маусым күні Жетісу облысы атқаруком төрағасы Розыбаевтің ТүркОАК төрағасы С. Қожановқа Боранбаевтың Құлжаға кетуін жеделдетуді сұрап жеделхат жолдаған [25, 54 п.].

Қанай Боранбаевтың Синцзянның Тарбағатай ауданындағы босқындардың реэвакуация мәселелерін үйлестіру мақсатында Шәуешекте жұмыс істеген кезеңі 1923 жылға сай келеді. Кәсіби заңгер, талантты ұйымдастырушы Қанай Боранбаев қазақ босқындарын қайтару, орналастыру, реэвакуация мәселелерінің маңызына саяси-тарихи тұрғыда терең бойлаған кеңестік қызметкер болды деуге болады. Шәуешектегі миссиясы туралы Қ. Боранбаевтың кейіннен шамамен 1924 жылдың басында ТүркАССР халкомкеңесіне жолдаған баяндамасы Тарбағатай өңірі бойынша ғана емес, XX ғасырдың бірінші ширегіндегі тұтас Батыс Қытайдағы қазақ-қырғыз босқыншылық тарихының қысқаша очеркі деуге болады [20, 431-448 бб.]. Қанай Боранбаевтың баяндамасында 1923 жылдың 1 ақпан-1 мамыр аралығында Шәуешектен РСФСР-ға 10 түгін ресми түрде, шамамен тағы 100 түгін бейресми түрде оралғанын көрсеткен. Ал осы 1923 жылдың 10 маусым мен 1 қыркүйек аралығында ресми және бейресми 750 түгін өткізілгенін қуаттайды [20, 447 б.]. Мұндай мәліметтер босқындарды қайтару шараларының тек Қытай өкімет орындарының ресми рұқсатымен ғана жүргізілмегенін көрсетеді. Қытайдың Синцзяндағы билігінің босқындарды қайтару процесіне барынша кедергі келтіріп баққаны дипломаттардың орталыққа жолдаған хаттарында да айтылған. ТүркАССР халкомкеңесінің арнайы уәкілі Қ. Боранбаевтың баяндамасындағы босқындардың «бейресми» түрде атамекенге оралуы туралы сөздерін қуаттайтын фактілер НКВД жүйесінің құжаттарында да кездеседі. 1923 жылдың 23 тамызында НКВД-тің Іле өлкесіндегі өкілетті уәкілі Печатниковтың Жаркент уездік атқару комитетіне жолдаған № 1148 құпия хатында Батыс Қытайдан қазақ-қырғыз босқындарды «бейресми» жөнелтудің механизмі сипатталған. «Осыдан бір айға жуық бұрын біздің көмектесуімізбен ұйымдасқан жолмен, қытайлардың көзінен таса Текес ауданынан Сәрсембай бастаған 200 түгін құрайтын ауа көшушілер Жаркент уезінің Айт болыстығына қарасты Ой Қарасай шатқалына өткізілді» - деп хабарлайды Печатников. Құлжадағы уәкіл бұл көшіп барған босқын-дарды Жаркент уезі жергілікті өкімет орындары жылы қарсы алғанын естігенін жазады. Ары қарай Печатников хатында: «Қытай өкіметі мұсылман босқындардың Кеңестік Россияға оралуына әрқилы кедергілер жасап отырғандықтан, біз Іле өлкесінен осындай жолдармен адамдарды шығаруға бекіндік. Бұл үшін Қапал, Лепсі және Жаркент сияқты шекара маңындағы уездер біздер ұйымдастыратын мұндай тәсілдермен жүргізілетін жаппай реэвакуация туралы білулері, көрсетілген босқындардың Кеңестік территорияға кіргенінен кейін олардың бұрынғы орындарына қолайлы орнығуына барынша жағдай жасап, бұл туралы бізді өз уақытында хабардар етіп отыруы керек» - дейді. Құлжадағы кеңестік уәкіл мұндай шаралар қалған босқындарды реэвакуацияға көндіру үшін де керек екенін жасырмайды. «Кеткен қырғыздар (қазақтар), тараншылар, дүнгендердің өздерінен қалай орналасқандарын көрсетіп жазған хаттары мұнда келсе жақсы болар еді. Мұндай хаттар басқаларды көшуге жақсы үгіттеу болар еді.» - деп жалғастырады Печатников. Печатников осы құпия хаттың мазмұнын тиісті шаралар қабылдау үшін Қапал және Лепсі атқарукомдарының төрағаларына хабарлауды өтінген. Печатников, сондай-ақ, «бейресми» өткізілген Сәрсембай бастаған 200 түгіннің көшінен біршама уақыттан кейін Оспан дегеннің басқаруындағы тағы 65 түгін көшкенін, олардың қайда және қалай орналасқанын білу өзі үшін қызық екенін көрсеткен [26,2 п.].

Қытайдан келетін босқындарды оларды бұрынғы мекендеріне орналастыру тәжірибесіне өзгеріс енгізіле бастады. Оған себеп, 1922-1923 жылдардағы жер-су реформасы нәтижесінде шаруаларға егістік жерлерді бөлу қарқынды жүріп жатқан болатын. Бұл жағдайда Қытайдан оралған босқынды бұрынғы кеткен жеріне орналастыру үшін жер меншігіне бөлініп берілген жаңа жер телім иесінен қайтарып алуға тура

келетін еді. Өз кезегінде босқындарды бұлайша орналастыру жаңа әлеуметтік шиеленісті туғызатын болды.

Босқындарды қайтару мен орналастыруға байланысты жұмыстардың саябырсуы, мәселеге саяси назардың өзгеруі комиссияның «ерекше» мәртебесін алып тастауға алып келді. 1923 жылдың қазан айында өткен босқындарды реэвакуациялау және орналастыру жөніндегі Жетісу облыстық комиссиясы мәжілісінде босқындарды жерге орналастыру мәселесі жеке қаралды. Осы мәжілістің № 14 хаттамасында: «Босқындарды олар шыққан аудандарға олар келгенше жерге орналастыру бітпеген болса бұл топтың басқа азаматтарымен бірге жалпы негізде орналастырылсын. Егер жерге орналастыру шаралары біткен болса сол аудандарға жерге орналастыру қаулыларымен бос жер телімдеріне орналастыру керек. Мұндай бос телімдер жоқ болса, босқындарды басқа аудандарға бір бөлігін жерге орналастыру үшін тіркелген жер телімі үлестеріне, бір бөлігін әлі жерге орналастыру жүргізілмеген, бірақ материалдар негізінде мұндай орналастыру жүргізілетін аудандарға жайғастыру керек. Егер босқындардың жерлері мен құрылыстары жер реформасы бойынша басқа адамдарға немесе топтарға бекітілген болса, бұл жағдай жалпы көрсетілген тәртіпті өзгертпеуі керек» - делінген [26, 134, 134(a) пп.]. Босқындар мәселесін қарастыру бойынша ТүркОАК 1923-1924 шаруашылық жоспарында «Жетісуға Қытайдан 30000 босқын-ды реэвакуациялау және орналастырудың сметалық есептеулері негіздеген 245496 сом қабылданын.» - делінген. Шығындар Түрксекция және ауыл шаруашылық секция нысандары бойынша бөлінетін болып шешілген [27, 131 п.]. Алайда, 1923 жылдың 21 қарашада өткен Рудзутактың төрағалығымен өткен Түрккомиссия жиналысында босқындарды орналастыруға межелеген қаржы мөлшері 180000 сомға қысқарған. 26 қараша күні осы мәселелер туралы арнайы хат жолдаған Түркеспублика экономикалық кеңесі төрағасы Паскун Рудзутактан осы шығындарды негіздеп, РСФСР халкомкеңесі мен экономикалық кеңесінен қаралатын Түркістан республикасының бюджеті мен 1923-1924 шаруашылық шаруашылық жоспарын бекітуге барынша әсер етуін сұраған. [27, 159 п.].

Қорытынды. Патшалы Ресей империясының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті қанмен жаншуы мен Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы Жетісудағы қарулы қарсы тұру туғызған азамат соғысы Қазақстанның оңтүстік-шығысынан босқындардың аса ауқымды тасқынын Батыс Қытайды паналауға мәжбүр етті. XX ғасырдың 20-жылдарындағы босқыншылықтың Шыңжаң мен Кеңестік Түркістанның демографиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуына теріс әсері екі тараптың босқындар мәселесін түпкі-лікті шешуге мүдделілігін туғызды. 1920 жылғы мамыр айындағы «Іле келісімі» толыққанды диплома-тиялық қарым-қатынас орнамаған екі елдің босқындар мәселесін жедел шешуге талпынысынан туды. Түркістан ОАК жанынан құрылған босқындар жөніндегі ерекше комиссияның бөлімдері Шыңжаңның Құлжа және Шәуешек қалаларында жұмыс істеді. Кеңестік дипломатиялық құрылымдар, әлі азамат соғысы шарпып тұрған Жетісудің әскери-революциялық билігі босқындар мәселесін шешуге жөнінде әркілы позиция ұстанды. РСФСР сыртқы істер халкомы тарапынан Шыңжаңдағы босқындардың саны, олардың тұрмыс жағдайы жан-жақты зерделенді. Аштық пен ауыр тұрмыс салдарынан құлдыққа саты-лып кеткен босқындарды қайтадан сатып алу үшін арнайы қаржылық қор бөлінді. Ұсынылған мақалада отандық тарихнамада жете зерттелмеген босқындардың Шыңжаңдағы тұрмыс-тіршілігі, оларды Қазақ-станға қайтару мен орналастыру бойынша шаралар мазмұны, тиісті құқықтық-заңдық актілер, ерекше комиссия бөлімдері – кіші комиссиялардың Шыңжаңдағы қызметі, Шыңжаң өкімет орындарының бос-қындарға қатысты саясаты жан-жақты сараланды. Сонымен қатар отандық тарихта маңызды орын ала-тын босқыншылық сияқты әлеуметтік құбылыстың ішкі ерекшеліктері талданып, мәселенің тарихнамасы сарапталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Камский. Русские белогвардейцы в Китае. М.: Красная новь, 1923. – 67 с.
2. Holborn L.W. and Shuval J.T. «Refugees». In international Encyclopedias of the Social Sciences. New York, 1968. Vol.13. pp 361-377.
3. Czegledy Karoli. Nomad Peoples Migration from East to West. Budapest: Akademie Kido. 1969.
4. Forbes, Andrew D.W. Warlords and Muslims in Chinese Central Asia: Political history of Republican Sinkiang 1911-1949. Cambridge: Cambridge University Press. 1986.
5. Мұхаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.) Алматы: Қазақпарат. 2000. – 336 б.
6. Алдабек Н. А. . Тарихы талқыға толы Шыңжаң. Алматы: Қазақ университеті. 2003. – 432 б.
7. Аблажей Н.Н. Казахский миграционный маятник «Казахстан-Синьцзян» Эмиграция. Репатриация. Интеграция. Караганды: «Болашақ-Баспа». 2014. – 273 с.

8. Бармин В.А. Советский Союз и Синьцзян 1918-1941 гг. (Региональный фактор во внешней политике Советского Союза) Барнаул: Изд-во БГПУ. 1998. – 214 с.
9. Шаметова Т.А. Российско-Синьцзянские торгово-экономические и политические отношения в 1914-1922 гг. Монография. Барнаул: ФГБОУ ВО «АлтГПУ». 2024. – 306 с.
10. ЖОМА ПФ [Жетісу облыстық мемлекеттік архиві Панфилов филиалы] 265-қ., 1-тізім, 4-іс.
11. РМӘА [Ресей мемлекеттік әскери архиві] 110-қор, 7-тізім, 31-іс.
12. ЖОМА ПФ 265-қ., 1-тізім, 1-іс.
13. ЖОМА [Жетісу облыстық мемлекеттік архиві] 751 қор, 1-тізім, 19- іс.
14. АОМА [Алматы облыстық мемлекеттік архиві] 350 қор, 1-тізім, 193-іс.
15. РМӘА 110-қор, 7-тізім, 45-іс.
16. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясының материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) Т.22 Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья. Сборник документов и материалов. Составители. Перебеева М.И., Жумадилова ... /Под общ. Ред. Е. Т. Карина. – Астана, 2022. – 384 с.
17. Документы внешней политики СССР. Т. II. 1 января 1919 г.-30 июня 1920 г. / М-во иностр. дел СССР. Москва: Госполитиздат. 1958. – 807 с.
18. РӘСТМА [Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архиві] 61-қор, 1-тізім, 77- іс.
19. Мұхаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.) Алматы: Қазақпарат. 2000. – 336 б.
20. Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии: сб. док. и материалов / МГУ им. М. В. Ломоносова, Ин-т всеобщ. истории РАН; [сост., авт. предисл., вступ. ст. и коммент. Т. В. Котюкова]. – Москва: Марджани, 2016. – 468 с.
21. АОМА 1975-қор, 1-тізім, 64-іс.
22. АОМА 350-қор, 1-тізім, 33-іс.
23. РМӘА 18233-қор, 1-тізім, 17-іс.
24. РМӘА 8443-қор, 1-тізім, 12-іс.
25. АОМА 350-қор, 1-тізім, 263-іс.
26. ЖОМА 751-қор, 1-тізім, 80а-іс.
27. РӘСТМА 17-қор, 84-тізім, 526-іс.

References:

1. Kamskij. Russkie belogvardejcy v Kitae. M.: Krasnaja nov', 1923. – 67 s.
2. Holborn L.W. and Shuval J.T. «Refugees». In international Encyclopediae of the Social Scincies. New York, 1968. Vol.13. pp 361-377.
3. Czegledy Karoli. Nomad Peoples Migration from Eost to West. Budapest: Akademiai Kiado. 1969.
4. Forbes, Andrew D.W. Warlords and Muslims in Chinese Central Asia: A Political history of Republican Sinkiang 1911-1949. Cambridge: Cambridge University Press. 1986.
5. Мұхаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.) Алматы: Қазақпарат. 2000. – 336 б.
6. Aldabek N. A. . Tarihy talқыға toly Shyңzhaң. Алматы: Қазақ университети. 2003. – 432 б.
7. Ablazhej N.N. Kazahskij migracionnyj majatnik «Kazahstan-Sin'czjan» Jemigracija. Repatriacija. Integracija. Karagandy: «Bolashaq-Baspa». 2014. – 273 s.
8. Barmin V.A. Sovetskij Sojuz i Sin'czjan 1918-1941 gg. (Regional'nyj faktor vo vneshnej politike Sovetskogo Sojuza) Barnaul: Izd-vo BGPU. 1998. – 214 s.
9. Shametova T.A. Rossijsko-Sin'czjanskije torgovo-jekonomicheskie i politicheskie otnoshenie v 1914-1922 gg. Monografija. Barnaul: FGBOU VO «AltGPU». 2024. – 306 s.
10. ZhOMA PF [Zhetisu oblystyq memlekettik arhivi Panfilov filialy] 265-қ., 1-tizim, 4-is.
11. RMӘА [Resej memlekettik әskeri arhivi] 110-қор, 7-tizim, 31-is.
12. ZhOMA PF 265-қ., 1-tizim, 1-is.
13. ZhOMA [Zhetisu oblystyq memlekettik arhivi] 751 қор, 1-tizim, 19- is.
14. АОМА [Almaty oblystyq memlekettik arhivi] 350 қор, 1-tizim, 193-is.
15. РМӘА 110-қор, 7-tizim, 45-is.
16. Sajasi қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясының материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) Т.22 Neizvestnye stranicy istorii Semipalatinskogo Priirtysh'ja. Sbornik dokumentov i materialov. Sostaviteli. Perebeeva M.I., Zhumadilova ... /Pod obshh. Red. E. T. Karina. – Астана, 2022. – 384 с.

s.

17. *Dokumenty vneshnej politiki SSSR. T. II. 1 janvarja 1919 g.-30 iyunja 1920 g. / M-vo inostr. del SSSR. Moskva: Gospolitizdat. 1958. – 807 s.*

18. *RƏSTMA [Resejdiň äleumettik-sajasi tarihyňyň memlekettik arhivi] 61-çor, 1-tizim, 77- is.*

19. *Myhamethanuly N. Kytajdaýy qazaqtardyň qozamdyq tarihy (1860-1920 zhzh.) Almaty: Qazaqparat. 2000. – 336 b.*

20. *Vosstanie 1916 goda v Turkestane: dokumental'nye svidetel'stva obshhej tragedii: sb. dok. i materialov / MGU im. M. V. Lomonosova, In-t vseobshh. istorii RAN ; [sost., avt. predisl., vstup. st. i komment. T. V. Kotjukova]. – Moskva: Mardzhani, 2016. – 468 s.*

21. *AOMA 1975-çor, 1-tizim, 64-is.*

22. *AOMA 350-çor, 1-tizim, 33-is.*

23. *RMƏA 18233-çor, 1-tizim, 17-is.*

24. *RMƏA 8443-çor, 1-tizim, 12-is.*

25. *AOMA 350-çor, 1-tizim, 263-is.*

26. *ZhOMA 751-çor, 1-tizim, 80a-is.*

27. *RƏSTMA 17-çor, 84-tizim, 526-is,*